ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Абай Облысы
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
К. МҰХАМЕДХАНОВ КӨШЕСІ, 8 ҮЙ

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505

№ 4372
05 » 11 2026 г.

Мектеп директорларына

Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі» ММ Алматы Менеджмент Университеті **2026 жылдың 9-10 қараша аралығында** 10-11 сынып оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ақпараттық хатын жұмыс үшін жолдайды.

Қосымша: 2 парақта

Бөлім басшысы **А. Т. Нуралдинов**

Орынд: М. Жаманова
Тел: + 7 777 226 67 29

Казақстан Республикасы • 050060
Алматы қ-сы • Розыбакиев к-сі 227
тел.: +7 (727) 313 30 40 • факс.: +7 (727) 302 21 21
e-mail.: info@almau.edu.kz
www.almau.edu.kz

ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

Republic of Kazakhstan 050060
Almaty • Rozybakiev str., 227
tel.: +7 (727) 313 30 40 fax: +7 (727) 302 21 21
e-mail.: info@almau.edu.kz
www.almau.edu.kz

Исх. № 01.2.1-11/06.3-201 от 17.09.2026 г.

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы бойынша білім бөлімі басшысы
А.Т. Нуралдиновке

Құрметті Айдын Тлектесович!

«Алматы Менеджмент Университет» ББМ (бұдан әрі – Университет) Сізге білім беру саласындағы ынтымақтастық пен қолдау үшін алғысын білдіреді. Университеттің негізгі мақсаттарының бірі – мектептердің 11-12 сынып оқушыларына сапалы кәсіби бағдар беру және олардың болашақ білім беру бағытын дұрыс таңдауына ықпал ету.

Осыған байланысты Университет жалпы білім беретін мектептердің бітіруші сынып оқушыларына арналған ақпараттық-таныстыру жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Университет қызметкерлері мен студенттері арнайы ақпараттық бағдарлама дайындап, талапкерлерге жоғары білім алу мүмкіндіктері, білім беру бағдарламалары, оқуға түсу талаптары және студенттік өмір туралы жан-жақты ақпарат ұсынатын болады.

Аталған кездесулер барысында мектеп бітіруші оқушылары:

- Университеттің білім беру бағдарламалары және мамандықтарымен таныса алады;
- Оқуға түсу талаптары, білім беру форматы және **қабылдау тәртібі** туралы ақпарат алады;
- **Гранттық бағдарламалар, жеңілдіктер,** академиялық ұтқырлық және халықаралық алмасу мүмкіндіктері жөнінде мәлімет алады;
- Университеттің студенттік өмірі, ғылыми жобалары, жастар ұйымдары, спорттық және шығармашылық клубтары туралы біле алады;
- Оқытушылар мен студенттердің тәжірибесімен танысып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап ала алады.

Осыған орай, **2026 жылдың қазан айынан 2027 жылдың мамыр айына дейін Семей қаласының** жалпы білім беретін мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізуге қолдау көрсетіп, Университет өкілдерімен кездесулер ұйымдастыруға ықпал етуіңізді сұраймыз.

DOC ID KZPCILI20261002910287B378A

Академиялық даму жөніндегі проректор **Ә. Арын**

Орынд.: Назарова Диляра Зульяровна
Тел.: +7 7012181262

Подписано

17.09.2026 15:25 Арын Ә.А. ((и.о Булдыбаев Т.К.))

Действителен Уникальное имя владельца: АРЫН ӘСЕЛ Дата начала: 2025-10-30 09:37:00 (+05) Дата окончания: 2026-10-30 09:37:00 (+05) Серийный номер: 105166762322411403620490053528494194178737455771 Субъект: GIVENNAME=АРЫНҚЫЗЫ, OU=BIN971240001583, O="Білім беру мекемесі ""Алматы Менеджмент Университеті""", C=KZ, SERIALNUMBER=IIN870519401630, SURNAME=АРЫН, CN=АРЫН ӘСЕЛ Издатель: C=KZ, CN=ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022

Отдел образования города Семей области Абай\АЖаманова М.М.

DOC ID KZPCILI20261002910287B378A